



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ

GRI 2-17

Компанияда Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы эксперттерді тарту Саясаты қолданылады. Бұл Саясат корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелері негізінде әзірленген және Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған.Бұл мына жолдармен жүзеге асырылады: Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдыларын дамыту және біліктілігін арттыру жүйесін енгізу

және Директорлар кеңесі қарастыратын мәселелер сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы қажет еткен жағдайда, сыртқы эксперттерді тарту құқығын қамтамасыз ету.

2024 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің оқуы өткізілмеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

GRI 2-19, 2-21

«Қазақтелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 12.08.2021 жылғы шешіміне сәйкес тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін тіркелген жылдық сыйақы және қосымша сыйақы төленеді:

- Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін 45 000 (қырық бес мың) АҚШ доллары мөлшерінде тіркелген жылдық сыйақы және Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 11 000 (он бір мың) АҚШ доллары мөлшерінде қосымша сыйақы;
- Қазақстан Республикасының резиденттері үшін 16 650 000 (он алты миллион алты жүз елу мың)

теңге мөлшерінде тіркелген жылдық сыйақы және Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелік/төрағалық еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 4 000 000 (төрт миллион) теңге мөлшерінде қосымша сыйақы.

Компания Директорлар кеңесінің мүшелеріне-резиденттерге 2024 жылы төлеген жиынтық сыйақысы 57 300 000 теңгені құрайды. Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне-бейрезиденттерге 2024 жылы төлеген жалпы сыйақысы 56 000 АҚШ долларын құрайды. Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне 2024 жылы төленген жалпы сыйақысы 85 264 160 теңгені құрайды.



КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшы өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді, өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің, өзге де ішкі құжаттардың нормаларына, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Корпоративтік хатшы өз қызметі шеңберінде Акционерлердің жалпы жиналыстары мен Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылайды, Директорлар кеңесінің іс қағаздарын ұйымдастырады және құжат айналымын қамтамасыз етеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыруды қамтамасыз етеді және осы отырыстардың хаттамаларын жүргізеді, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне қажетті ақпарат береді.

«Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік хатшысы Б.Қ. Әбдіқалықовтың мемлекеттік марапаттары, «Үздік байланысшы» салалық атағы бар. «Самұрық-Қазына»

қоры Компаниялар тобының үздік корпоративтік хатшыларының бірі, корпоративтік басқаруды және корпоративтік хатшылар институтын одан әрі жетілдіру жөніндегі түрлі іс-шаралардың тұрақты қатысушысы болып танылды. Орталық Азия Корпоративтік хатшылар қауымдастығының құрметті мүшесі, Корпоративтік хатшы 2023 байқаудың қазылар алқасының төрағасы болып табылады.2024 жылы Орталық Азия Корпоративтік хатшылар «Бизнес-ортаны жақсартуға және елде корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелері мен тұрақты даму стандарттарын енгізуге қосқан үлесі үшін» Алғыс хатымен марапатталды.

Корпоративтік хатшы туралы ережемен Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында «Корпоративтік басқару» бөлімінде танысуға болады.